



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ШОЛУ

Осы аптадағы Қызылордадағы айтулы жаңалықтың бірі ретінде қала әкімінің ауысуын атап өтуге болады. Екі жылға жуық әкім болған Асылбек Шәменов басқа жұмысқа ауысуына байланысты қала басшысы қызметінен босап, орнына облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов келді.

БАС ШАҒАРДА БАСҚА «ҚОЖАЙЫН»



ӨМІРБЕКҰЛЫ КЕТПІ, САЛАУАТУЛЫ КЕЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтіп, әріптестері Қызылорда қаласын басқарған Асылбек Шәменовті жаңа қызметке шығарып салды.

Актив отырысында Нұрлыбек Машбекұлы өткен жылы жүзеге асқан жобалар мен атқарылған жұмыстарға тоқталып, қабылданған шешімдердің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ Асылбек Өмірбекұлына облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

Шаһар басқарған Шәменовтің еңбек жолын қызылордалықтар жақсы біледі деген ойдамыз. Ол әр жылдары жеке сектор мен мемлекеттік органдарда түрлі лауазымдарда қызмет атқарды. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы, Жалағаш ауданының әкімі болды. 2022 жылдан бері Қызылорда қаласының әкімі болып еңбек етті.

Асылбек Шәменовтің орнына Серік Қожаниязов әкім болды. Бұған дейін облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарған Серік Салауатулы да бір кездері осы шаһарды басқарған. Ол тұста облыс әкімі Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы еді. Екеуінің көпқабатты үйлердің өжіресіне дейін түсіп жұмыс істегенін жұртшылық ұмыта қойған жоқ. Қош делік, сонымен Өмірбекұлы кетіп, Салауатулы келді. Сыр еліндегі бас шаһардың енді қалай дамитыны жаңа әкімге байланысты.

Актив отырысында қоғам қайраткері Ибрагим Әбуллаев, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов, белгілі журналист Шәкізада Әбдікәрімов, қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова Асылбек Өмірбекұлы мен Серік Салауатулыны құттықтап, жаңа қызметтеріне сәттілік тіледі.

3-БЕТТЕ

НАННЫҢ САЛМАҒЫ СТАНДАРТҚА САЙ МА?



Соңғы жылдары елімізде азық-түлік бағасы өсті. Оған нарық заңы деп көнібістік танытып, айта-айта шаршап қойдық. Табан ет, маңдай тер еңбегіңмен алған жалақыны ең бірінші ырымдап, нан алуға жұмсайсың. Сол бөлше нан әр сауда орнында, жеке дүкенде түрлі бағада сатылып жатыр. Несін жасырамыз, бір нанды қарны ашса ыстықтай 2 адам жеп қояды. Ол қомағайлықтан емес, нанның салмағы азайғаннан деп топшыладық. Кеңес үкіметінің тұсында өмірге келген біздер бір нанды бір отбасына бір шайға жететінін көзбен көрдік. Сол себепті де сатылып жатқан нан бағасын бағамдау үшін журналистік зерттеу жүргіздік.

3-БЕТТЕ

АЗЫҚ-ТҮЛІК:

БАҒА ТҰРАҚТАНДЫ МА?

Жалақы мен зейнетақы өседі деген әңгіме шығысымен базардағы баға да көтеріледі. Шындық қой, мұның несін жасырамыз. Әсіресе азық-түлік бағасын тұрақтандыру оңай болмай тұр.



Ел үкіметі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша 2023 жылғы жұмысының қорытындысын шығарыпты. Мәселе

Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте қаралған. Primeminister.kz-тің хабарлауынша, жалпы жылдық инфляция деңгейі бойынша 9,8%-ды құрап, алғаш рет азық-түлік индикаторы азық-түлік емес тауарлар индикаторынан төмен болған. Азық-түлік инфляциясын төмендетудің негізгі қозғаушы күші әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағалары болды.

3-БЕТТЕ

53 отбасын бақытқа бөлеген күн



Осы апта Қызылорда тұрғындары үшін жағымды жаңалыққа толы болды. Оның ішінде көптен күткен баспана кілтін алу бақыты бұйырған қалалықтар үшін ұмытылмас сәт болғаны рас. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Тасбөгет кентінде 53 отбасыға тұрғын үй кілтін табыстады. Бұл шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жигули Дайрабаев, Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев та қатысты.

3-БЕТТЕ

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: ЕСКІДЕН ЖАҢА ҚЫМБАТ

2-БЕТТЕ

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: ЕСКІДЕН ЖАҢА ҚЫМБАТ

Жылжымайтын мүлік қай кезде де құнын жоймайды десек те, соңғы жылдары баспана бағасы екіге бөлінді. Нарықта жаңа және ескі үйлер деген түсінік қалыптасты. Бұл заңды да. Себебі бүгінде еліміздің қай аймағында да тұрғын үй құрылысы қарқынды жүреді. Нәтижесінде халыққа таңдау көп. Табысына қарай үй таңдауға мүмкіндік көп. Әсіресе үлкен қалаларда жаңа үйлер бірнеше санатқа бөлінеді. Бір сөзбен айтқанда, құрылыс саласындағы тәжірибелі компаниялар жыл сайын жаңалық енгізуге ынталы. Әрине, бір баспанам болсын деген халық үшін қашанда үйдің бағасы маңызды. Соңғы жылдары үй бағасы тұрақты секілді көрінгенмен, өзгеріс байқалады. Яғни тұрғын үй нарығында жаңа үйлер қымбаттап, ескі үйлердің бағасы сәл де болса арзандаған. Ұлттық статистика бюросы жариялаған мәліметке сүйенсек, бір жылда жаңа үй бағасы 3,4 пайызға қымбаттап, ескі үйлердің бағасы 3,7 пайызға арзандаған. Ал пәтер жалдау ақысы 1,6 пайызға өскен.

Өңірлердегі тұрғын үй бағасына тоқталсақ, бір жыл ішінде Қызылорда қаласында жаңа үйлер 12,6 пайызға, Петропавлда 10,6 пайызға қымбаттапты. Ал ескі үйлер Атырауда 8,2,

Қызылорда қаласында 6,9 пайызға қымбаттаған. Ал пәтерқысының қымбаттауы бойынша Жазқазған (33,4 пайыз), Көкшетау (26,1), Қарағанды (23 пайыз) қалалары көш бастап тұр.

Үй сатып алу бойынша өткен жылдың желтоқсан айында ел бойынша 37818 келісім-шарт жасалған, оның ішінде 8238-і жеке үй сатып алу болса, 29580-і көпқабатты үйлерден пәтер сатып алу бойынша құжат рәсімдеген. Үй сату-сатып алу бойынша өткен жылдың желтоқсан айының қорытындысы бойынша Алматы, Астана, Қарағанды қалалары көш басында.



Бүгінде тұрақты табысы бар азаматтар үшін ипотекалық бағдарламалар арқылы үй алу тиімді екені даусыз. Сол себепті де елдегі ипотекалық бағдарламалар жайын бәрі де білгісі келеді. Халықтың баспаналы болуына мүмкіндік жасаған тиімді бағдарламалар қатары аз емес. Олардың қатарына биыл «9-20-25» жаңа бағдарламасы да қосылды.

Осы орайда «Kursiv» сайты елдегі ипотекалық бағдарламаларға шолу жасапты. Осы ақпаратты негізге ала отырып, жұртшылыққа пайдалы болар деген ниетпен елдегі ипотекалық бағдарламалар туралы ақпарат бергенді жөн көрдік.

Үй алудың тиімді жолы қандай?

«9-20-25»

Жаңа жылдан бастап іске қосылған жоспарланған жаңа бағдарлама туралы айтыла бастағанын ел еңе ете қалды. Бағдарламаның халық табысына ыңғайлы болғаны керек. Осы орайда «9-20-25» деп аталатын жаңа бағдарламаның қандай ерекшелігі бар? Бұған дейін жүзеге асқан «7-20-25» бағдарламасынан артықшылығына тоқталайық.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов «7-20-25» бағдарламасына сұраныс көп болғанын атап айтты. Тұрғындар тарапынан «7-20-25» бағдарламасына кенінен сұраныс болды. Бірақ бұл бағдарламаны іске асыруға қаражат керек. Ұлттық банк өзінің лимитін қойған еді. Бұл лимит сұраныс тұрғысынан жеткіліксіз. Ұлттық банк мұндай шектеу қойғаннан кейін Үкімет аясында, сондай-ақ «Отбасы банк» және «Бәйтерек» холдингі бірлесіп, қосымша бағдарлама әзірлеп жатырмыз. Ол – «9-20-25» бағдарламасы, – деді Премьер-министр.

Бағдарлама арқылы 8 мың адам немесе отбасын баспанаман қамту мақсаты көзделіп отыр.

Қазіргі жағдайда 9 пайыз деген төмен мөлшерлеме саналады. Соны іске асыру үшін тиісті есеп-қисапты жасап отырмыз. Оған жыл сайын 150 млрд теңге керек және 8 мың отбасы немесе адамға осы ипотеканы алуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін 100 млрд теңгені нарықтан тартуымыз қажет, ал «Отбасы банк» өзінің таза табысынан 50 млрд теңге бөлуі тиіс. Осы қаражатты қосып, 9 пайыздық ставкаға шығу керек. Бұл бағдарлама негізінен жастарға арналады деп санаймын, – деді Үкімет басшысы.

«Отбасы» банкінің төрағасы Лозат Ибрагимов көпбалалы емес жас отбасылардан баспаналы болу үшін арнайы бағдарлама болса екен деген өтініш көп келетінін айтқан еді.

Бұл бағдарлама іске қосылса, нарықтағы ипотекалық несиелер арасындағы ең төменгі пайыз болмақ. Бұл бағдарламаны пайызы төмен «7-20-25» бағдарламасы да халыққа ыңғайлы болғанымен жыл басынан ай сайынғы лимит болған соң, бұл бағдарлама бойынша жалпы жұртшылыққа несие рәсімдеудің қиындығы да болды. Мәселен, бағдарлама бойынша өтініш қабылдау басталған сәтте қаржы институттарының сайттарына жарты сағатта 12 мың адам кіреді екен. Бұл – үлгерген алады, үлгермеген қалады деген сөз.

Жалпы елімізде ипотекалық несиеге сұраныс жоғары. Сарапшылар пікірінше, «Отбасы» банк арқылы мемлекеттік бағдарламаларға өтініш бергенде 1 үйге орта есеппен 150-ден аса адам құжат тапсырады екен. Бүгінде қолма-қол ақшаға үй алуға мүмкіндігі бола бермейтін қарапайым халықтың мемлекеттік бағдарламалардан үміт күтетіні аян.

Жас ғалымдарға арналған бағдарлама

«9-20-25» бағдарламасының қанатқакты жобасы ретінде «Отбасы банк» жас ғалымдарға арналған бағдарламаны таныстырды. Ол 1 желтоқсаннан бастап іске қосылды. Бұл бағдарлама академиялық ғылыммен айналысатындарға арналған. Бұл санатқа ғалымдар, Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты 53 ұйым бар. Жоба 5 жылға жоспарланып отыр. Осы уақыт ішінде банк жеке қаражатынан шамамен 16,6 миллиард теңге бөледі. Бағдарлама шарты:

- Бастапқы жарна – 10 пайыз;
- Жылдық мөлшерлемесі – 5 пайыз;
- Үй бағасы 20 миллион теңгеден аспауға тиіс;
- Несие 19 жылға беріледі;

- 40 жасқа дейінгі қазақстандық ғалымдар қатыса алады;
- Соңғы 5 жылда атында үй болмауы керек.

«7-20-25»

Көпшілікке танымал бұл бағдарламаның жылдық лимиті – 100 миллиард теңге. Бағдарлама талабында баспана бағасына қатысты да шектеу бар. Атап айтқанда, Астана, Алматы, Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларынан 25 миллион теңгеге дейінгі үйді ғана ала аласыз.

- Мөлшерлемесі – 7 пайыз;
- Бастапқы жарна – 20 пайыз;
- Кепілдік ретінде алатын үй қойылады;
- 25 жылға рәсімдеуге болады;
- Құрылыс компаниясынан салынып біткен, дайын үйді ғана алуға болады;
- Атында үйі болмауы қажет;



Бағдарлама арқылы бір мәрте ғана баспаналы болуға болады.

Жастарға арналған бағдарламалар

Жастардың баспаналы болуына мүмкіндік берген бағдарламалар бірнеше аймақта бар. Атап айтқанда, «Елорда жастары», «Алматы жастары» деген секілді өңірде де «Сыр елі жастары» бағдарламасы аймақ жастарының баспаналы болуына жасалған бір мүмкіндік екені даусыз.

«Нұрлы жер»

Үй кезегінде тұрғандарға басымдық беріледі. Жалпы алғанда бағдарламаға қатысу үшін «Отбасы банк» салымшысы болу керек. Бағдарлама шарты:

- Мөлшерлемесі – 5%;
- Бастапқы жарна – үй бағасының 20 пайызы;
- «5-10-20»

Бұрын «Шаңырақ» деп аталған бағдарлама. Үй кезегінде тұрғандарға арналған. Табысы соңғы алты айды есепке алғанда 3,7 күнкоріс минимумы мөлшерінен аспауға тиіс.

- Шарттары:
- Мөлшерлемесі – 5 пайыз;
- Минимум жарна – 10 пайыз;
- 20 жылға беріледі.
- «2-10-20»

Бұрын «Бақытты отбасы» деп аталған. Үй кезегінде тұрғандарға беріледі. Бұл бағдарламамен үй алғысы келгендердің атында үйі болмауы керек. Бұл бағдарламамен

Ең төменгі жалақы – 85000 теңге.

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3692 теңге.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28215 теңге.

Ең төменгі зейнетақы мөлшері – 57853 теңге.

Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкоріс минимумы – 43407 теңге.



Биыл жалпыға бірдей декларация тапсырудың үшінші кезеңі басталды. Бұл жолы кәсіпкерлер мен жұбайлары декларация тапсырады. Әділ салық төлеу, көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды мақсат еткен декларация тапсыру науқаны 2021 жылы басталған еді. Алғашқы кезеңде мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген азаматтар және олардың жұбайлары, 2022 жылы мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері мен олардың жұбайлары декларация тапсырды. Биыл заңды тұлға басшылары мен құрылтайшылар, дара кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары, ал 2025 жылы жалпы халық декларация тапсырып, нәтижесінде 13 млн-нан астам адам декларация тапсырады деп жоспарланған.

ДЕКЛАРАЦИЯНЫҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ: КІМДЕР ТАПСЫРАДЫ?



Биыл кәсіпкерлер қандай табысын көрсетеді дегенге келсек, декларацияда елдегі және шетелдегі барлық мүлік көрсетілуі тиіс. Атап айтқанда бағалы қағаздар, цифрлық активтер, үлестік қатысу шарттары, 10 мың айлық есептік көрсеткіш немесе 34,5 млн теңге көлеміндегі қолма-қол ақша, шетелдегі жылжымайтын мүлік пен автокөлік құралдары. Сондай-ақ құны 3,5 млн теңгеден асатын басқа да мүлкін (мәдени құндылықтар, зергерлік бұйымдар, асыл тұқымды жануар) қалауы бойынша көрсете алады. Келер жылы кірістер мен мүлік туралы декларация тапсыру ұсынылып, онда бір жыл ішіндегі кірістер, елде және шетелде мүлікті сатып алу не иеліктен шығару туралы мәліметтер, сондай-ақ оларды иемденуге жұмсалған шығыстарды жабу көздері көрсетіледі.

Декларация тапсыруға немқұрайдылық танытқандар айыппұл салынатынын да ескерте кеткен жөн болар. Мәселен, декларацияны бірінші рет ұсынбағаны үшін ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін 15 АЕК мөлшерінде, декларацияны толық емес, анық емес мәліметтерді бірінші рет ұсынғаны үшін ескерту, бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін 3 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

Декларация тапсыру қарапайым халық үшін жаңа түсінік болғанмен, елде бұл науқанның басталғанына да үш жыл болып қалды. Келер жылы жалпы халыққа да табысын жариялау кезеңі келеді. Мамандардың айтуынша, бұл науқан қарапайым халыққа өз табысын есептеуді үйретеді. Қоғам үшін декларация тапсыру арқылы көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге мүмкіндік болады. Сарапшылардың пікірінше, бұған дейін шенеуніктер өз мүлкін туған-туысының атына жазып қоятын болса, енді қарапайым туыс та өз атындағы «қағаз жүзіндегі байлығын» бас тартатыны сөзсіз. Сонымен қатар елдегі әлеуметтік осал топтың пшнайы күнкорісін көріп, бір шешім шығару үшін де тиімді. Қалай айтқанда, табысты жария ету науқанының үшінші кезеңі де басталды. Нәтижесі уақыт еншісінде.

Декларация тапсыру қарапайым халық үшін жаңа түсінік болғанмен, елде бұл науқанның басталғанына да үш жыл болып қалды. Келер жылы жалпы халыққа да табысын жариялау кезеңі келеді. Мамандардың айтуынша, бұл науқан қарапайым халыққа өз табысын есептеуді үйретеді. Қоғам үшін декларация тапсыру арқылы көлеңкелі экономика мен сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге мүмкіндік болады.

«30/70»

«Отбасы банк» ұсынатын жеңілдетілген ипо-

текәлік бағдарлама. Дайын не енді салынып жатқан жаңа үйлерден ғана алуға болады. Егер салынып бітпеген болса, онда жылжымайтын мүлік құнының 70 пайызына пара-пара болатын қосымша кепілдік қою керек. Шарттары:

- Бастапқы жарна – 30 пайыз;
- Алғашқы 4 жылда пайыз мөлшерлемесі 7-10 пайыз болады да, одан соң 3,5 пайызға түседі;
- 25 жылға алуға болады;

«Жаңа баспана»

Бұрын «Әскери баспана» деп аталған бағдарлама. Арнайы орган қызметкерлері мен әскерилерге беріледі. Мөлшерлемесі – 3,5 пайыз. «Отбасы банктегі» арнайы шотқа түсетін жинақ төлемдерінің 50 пайызын салу керек.

«Өз үйім»

«Отбасы банк» салымшыларына арналған бағдарлама. Жоба аясында берілетін үйлердің бағасы нарықтағыдан төмендеуі. Әлеуметтік осал топтағылар мен мемлекеттік қызметкерлер қатыса алады. Банкте 500 000 теңге жинағы болуы керек. Бастапқы мөлшерлеме – 3,5-7 пайыз аралығында. Кейін 5 пайызға дейін түседі. Алатын үй бағасының 20 пайызын алдын ала салу қажет.

53 отбасын бақытқа бөлеген күн

– Халықты баспанамен қамту – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыты. Жыл сайын аймақта пайдалануға берілген тұрғын үй саны артауда. Өткен жылы 4 108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды. Осылайша 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Биыл мемлекеттік бюджеттен 14,3 млрд теңгеге 1890 пәтерлік 70 тұрғын үй құрылысы жүргізіледі. Оның 16-сы жеті қабатты болады. Мемлекет басшысы «Халықтың басым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жәрдем береді», – деп атап өткен еді. Былтыр аймағымыздың барлық ауданында 450-ге жуық отбасы баспана қуанышына кенелді. Бүгін Тасбөгет кентінде 53 отбасы қоныс тойын тойлайды. Бұл – тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдаудың нақты көрінісі, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жигуля Дайрабаев баспана кілтін алған тұрғындарды құттықтады. Қоныстой иелерінің атынан мектеп

Басы 1-бетте



мүғалімі Мереке Тауманова қуанышын жеткізіп, аймақ басшысына алғыс білдірді. Сондай-ақ шара барысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кент тұрғындары мен құрылысты сапалы салуға атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері марапатталды.

Г.ҚЫМБАТ

АЗЫҚ-ТҮЛІК: БАҒА ТҰРАҚТАНДЫ МА?

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова атап өткендей, министрлік инфляция деңгейін 2024 жылы 6-8% деңгейінде ұстап тұру үшін қазіргі жағдай мен бес жылдық үрдісті ескере отырып, әрбір өңір бойынша әлеуметтік маңызы бар тауарлар бөлінісінде индикативті бөлшек сауда мәндерін есептеді.

факторды және болжамды трендтерді ескереді. Сондай-ақ делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялардың жұмысы да жалғастырылатын болады, – деді А.Бижанова.

Кенесте ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков тұрақтандыру қорларындағы ұн мен нан бағасын тұрақтандыру және көкөніс

лерді жеңілдетілген бидаймен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында бекітілген бидай көлемі 64,5 мың тоннаны құрайды, қазірдің өзінде 60,8 мың тонна бидай жөнелтілді, – деді Е.Тасжүреков.

Ауыл шаруашылығы вице-министрінің айтуынша, биылғы қыс пен көктемге 174,1 мың

көкөніс бағасының өсуіне жол бермеу үшін ерте жиналатын өнімді жеткізуге арналған форвардтық келісім шарттар жасау қажеттігін еске салды.

– Биылғы маусымаралық кезеңді қаржыландыру өткен жылдың I тамызынан басталуы тиіс еді. Алайда өңірлер әлі күнге дейін ерте пісетін көкөністерді жеткізуге форвардтық шарттар ұсына алмай жатыр, – деп атап өтті Е.Тасжүреков.

Жиынды қорытындылай келе, Серік Жұманғарин өткен жылы қазақстандықтардың инфляциялық күтулері өте жоғары болғанын, бұл үрдіс 2022-2023 жылдардағы инфляцияға әсер еткенін айтты. – Биыл инфляция дәлізіне 6-8% кіру міндеті тұр. Көкөніс қорларын брондау үшін нақты жоспар құру керек және бұл жұмысты ақпан айының соңында емес, әлдеқайда ертерек бастау қажет. Қажет болған жағдайда жеміс-көкөніс өнімдерін бір өңірден екінші өңірге бірнеше күн ішінде жеткізу мақсатында өңіраралық көлік логистикасының тиімділігін арттыру керек. Өнімсіз делдалдарды анықтау бойынша өңірлік комиссиялардың жұмысын күшейту қажет, – деп қорытындылады С.Жұманғарин.

Үкімет басшысының орынбасары өткізген кенесте өңірлердің үйлесімді жұмысы көп нәрсені шешетіні айтылды. Әсіресе азық-түлік бағасын тұрақтандыруда маңызды рөл атқаратыны да тілге тиек етілді.

А.БЕК



– Өңірлер мен тауарлар бөлінісіндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының индикативті бағасының жобасы 2024 жылы 6-8%-дан аспайтын инфляцияның нысаналы деңгейі негізінде есептелген. Ұсынылатын көрсеткіштер ағымдағы нарықтық конъюктураны, маусымдық

қорына қатысты жағдайды мәлімдеді.

– Қазіргі уақытта әкімдіктердің деректері бойынша ӘКК-де 25,7 мың тонна қордан ұн қоры бар, оның ішінде тұрақтандыру қорларында – 14,1 мың тонна, айналым схемасы шеңберінде – 11,5 мың тонна. Өкімдіктер мен Азық-түлік корпорациясының меморандумдары аясында өңір-

тонна көлемінде көкөніс қоры қалыптастырылған. Тарқатып айтар болсақ, 100,6 мың тонна картоп, 25,6 мың тонна пияз, 22,6 мың тонна қырыққабат, 25,1 мың тонна сәбіз бар деген сөз. Мамандар бұл көлемдер нарыққа ақпан-сәуір айларында әсер ету үшін жеткілікті деп отыр.

Министр орынбасары әкімдерге мамырдан шілдеге дейін

Басы 1-бетте

НАННЫҢ САЛМАҒЫ СТАНДАРТҚА САЙ МА?

Алдымен «SMALL» супермаркетіне бардық. Халық көп алатын әлеуметтік нанды 77 теңгеге сатып алдық. Ал «Оптомаркет-Қызылорда» дүкенінен бір бөлкені 90 теңгеге, «Сәлем» дүкенінен 85 теңгеге алдық. «SMALL» супермаркеті түбіртек берді, «Оптомаркет-Қызылорда» мен «Сәлем» дүкендері түбіртек бермеді. Өзімізді мазалаған сұрақтардың жауабын білу мақсатында әр дүкеннен алған нанды жеке-жеке таразыға тартып, өлшедік. «Сәлемнен» алған бөлкеміздің көлемі – 365 грамм, «Оптомаркет-Қызылордадан» алған нан – 395 граммды көрсетті, «SMALL» супермаркетінен алған нанымыз 485 грамм болып шықты. Салмағы көп тартқан нанымыздың бағасы арзанға түсті. «Сәлем» дүкенінен басқа екі дүкенде нан өз наубайханасында пісіріледі екен. Нанның стандарт бойынша салмағы қанша болуы керектігін білу үшін мәселеге жауапты тиісті мекеме техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Бауыржан Қарсақбаева хабарластық.

Басы 1-бетте

– Қазақстан Республикасында нан өнімдері мемлекеттік стандарт ҚР СТ984-2008 бидай ұнынан жасалған нан. Жалпы техникалық шарттар нормативтік құжаты бойынша дайындалады. Осы стандарттың 3.1 тармағында нан белгіленген тартып-пен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, рецептуралар мен технологиялық құжаттарды сақтай отырып, осы стандарттың талаптарына сәйкес дайындалуы тиіс деп көрсетілген. Стандарттың 3.2.1 тармағында «нан табада немесе қалыпта салмақпен немесе дана түрінде дайындалады. Бидай ұнынан жасалған ұн қалыпта кемінде 200 грамнан кем емес, бидай ұнынан жасалған нан табада 300 грамнан кем емес өндірілуі керек» деп көрсетілген. Сонымен қатар елімізде нан өнімдері міндетті сәйкестігі декларациялауға жататын өнім түріне кіреді. Ал сатылып жатқан нан өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты бақылауды облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті мен басқармалар жүргізеді. Өнімнің сапасына күмән пайда болған жағдайда тұрғындар осы мекемеге шағымдана алады, – деді департамент басшысы.

Ал 2018 жылы жарық көрген, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ғалымдары шығарған «Нан өндірісінің

технологиясы» атты әдістемелік құралда 1 бөлке нанның стандарт бойынша салмағы 400 грам тарту керек деп жазылған.

Біз өз кезегінде қала тұрғындары да әңгімеге тартқан едік. Анар Әбілаева, көпбалалы ана:

– Мен көпбалалы анамын. Шүкір баланың басы болғасын нан көп желінеді. Көбінде ұн сатып алып, нан көмегімен. Ал кейде ұн таусылып, дүкеннен нан сатып алсам 5-6 бөлке 1 күнде желініп кетеді. Арасында келетін қонағымыз бар. Ең болмаса нанның көлемін көбейтсе болады ғой. Алатын нанымыз Алла асылық қылмасын жеп-жеңіл 2 адам бір нанды түскі тамақта тауысып қояды. Халық өзімен-өзі айтып, шулап-шулап қояды. Нәтиже жоқ.

Қанзауыл Ысқақова, қала тұрғыны:

– Нанға қатысты соңғы жылдары көпшіліктің арасында теріс пікірлер айтылып жатыр. Мен Әл-Фараби көшесінде тұрамын. Жақын дүкеннен аламыз. Шынын айтсам, ол нанға көңілім толмайды. Кәсіп иелері жеке нан зауытын ашып алып, білгенін істеп отыр. Шағымды кімге айтарымызды білмейміз. Сол нан үшін жұмыс істеп жүрген жоқпыз ба? Ең болмағанда



БАС ШАҒАРДА БАСҚА «ҚОЖАЙЫН»

Шәменов несімен есте қалды?

Әкімдер атқарған жұмысы арқылы ел есінде сақталады. Екі жылға жуық Қызылорданы басқарған Асылбек Өмірбекұлы әкім кезінде не істеді? Енді соған тоқталайық.

Қызылорданың аймақтың бас қаласы екені белгілі. Тіпті облыс тұрғындарының жартысы осы қалада тұрады десек, артық айтқандық емес. Сол себепті де аймақтың басқа өңіріне қарағанда мұнда мәселе көп. Тіпті тарқатылмаған түйін жетіп артылады. Облыстың бас қаласы болған соң мұндағы жұмыс қарқыны, тұрғындардың талап-тілектері, қала алынған, алдағы уақытта межеленген жобалар да ауқымды. Оның үстіне аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері қаланың даму тенденцияларымен тікелей байланысты. Басқа аймақтан келген адам Сыр өңірінің даму қарқынын Қызылорданың өркендеуінен көретіні жасырын емес.

Шәменов әкім болғанда не істеді дегенге жауап іздеп көрейік. Ол қалаға басшы болған 2022 жылдың басында шаһар бюджеті 51,6 млрд теңге болған. Қызылорда қаласының бюджеті екі жылда екі есе өсіп, өткен жылды 95,1 млрд теңгеммен қорытындылады. Асылбек Өмірбекұлы Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасын қалыптастыру үшін барын сала еңбектенді. Қала халқының 97,7 пайызы «көгілдір отынмен» қамтылған. Абай, Досан елді мекендері де табиғи газға қосылды, қоғамдық көлік мәселесі толықтай шешімін тапты.

Бұдан бөлек кейінгі екі жылда 2 мектеп, 2 мәдениет үйі пайдалануға берілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 5 мектептің құрылысы басталды, 4 іргелі мектептің жанынан 1850 орынға арналған қосымша ғимараттар салынды. Досан ауылында медициналық бекет, Тасбөгет кенті мен «Ақсуат» ауылдық округінде жаңа спорт кешені бой көтерді. Талсуаттағы мәдениет үйі жаңадан салынды. «Отбасы», «Анаға тағзым» орталықтары қызметін бастады. 2102 пәтерлік 39 тұрғын үй пайдалануға берілді, 42 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панелдермен жаңартылды, 36 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды. Қала мен оған қарасты елді мекендерде 326 көшенің 243,3 шақырым жолы жөнделді, 35 көшеге жаяу жүргінші жолы салынды. Екі теміржол өткелі көпірі, «Бәйтерек» тұрғын ауданында «Қызылжарма» арнасы арқылы өтетін автомобиль көпірі, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізі бойындағы жол айрығы ел игілігіне пайдалануға берілді. Тағы бір атап өтерлігі, Сұлтан Бейбарыс және Астана даңғылдары кеңейтілді. Шәменов қала мен оған қарасты кент және елді мекендерді үнемі аралап, тұрғындармен жиі кездесетін. Қала маңындағы саяжай тұрғындарымен де кездесіп, талап-тілегін тыңдап, орындау үшін білек сыбана кіріскенін де білеміз. Тіпті биыл атқарылатын жұмыстың біршыңарасын жыл басынан бастағанын да шаһар жұрты көріп отыр.

Жаңа әкімге талап көп

Актив отырысында аймақ басшысы Серік Қожаниязовтың тәжірибелі маман екенін атап өтті. – Серік Салауатұлы – облыс көлемінде ғана емес, республикалық деңгейде мойындалған білікті маман, тәжірибелі басшы. Облыс әкімінің бірінші орынбасары қызметінде ол жетекшілік еткен салалардың макроэкономикалық көрсеткіштерінде өсім қалыптасты. Жыл қорытындысымен өнеркәсіп өндірісі 3,6 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 33,5 пайыз, ауыл шаруашылығы 3,7 пайыз, құрылыс жұмыстарының көлемі 40,4 пайыз, тұрғын үй 8,4 пайыз, негізгі капиталға тартылған инвестиция 14,2 пайыз артты.

Басы 1-бетте

Серік Салауатұлының көп жылғы тәжірибесі мен түрлі салаға жетекшілік еткен кезеңдердегі сапалы жұмысын, жедел әрі жүйелі шешім қабылдайтын, кез келген іске жоғары талап қоятын қабілетін ескеріп, Қызылорда қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы шешім қабылданды. Мемлекет басшысының, Үкіметтің алдымызға қойған міндеттері мен тапсырмаларын сапалы орындап, қызылордалықтардың әл-ауқатын арттыруға аянбай жұмыс жасайтынына сенемін, – деді облыс әкімі.

Облыс тұрғындарының басым бөлігі қалаға қоныстанып, шаһар аумағы ұлғайып келеді. Аймақтың бас қаласы болған соң Қызылорда халықтың тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жағдай ортаға айналып, барлық ауданға үлгі болса дейміз. Облыс басшысы қаланың жаңа өкіміне экономикалық даму саласы бойынша әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерде нәтижелі жұмыс көрсетуді тапсырып, ол үшін барлық мүмкіндік бар екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қазір Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығы, Қорқыт ата аумағының жаңа терминалы, заманауи үлгідегі автовокзал салынып жатыр. Биыл Жаппасбай батыр көшесі 4 жолақты болып кеңейтіледі, Яссауи көшесі қайта жаңғыртылады. Жанқожа батыр көшесінен теміржол асты көпірі салынады. Бұл жобаларға республикалық және облыстық бюджеттен 11 млрд теңге қаржы қаралуда. «Оқушылар сарайының», орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы тағы бар. «Самурық қазына траст» қорымен бірге халықаралық стандарттарға сәйкес келетін үстел теннисі орталығының, «Саутс Ойл» компаниясы музыкалық колледж ғимараты құрылысын бастайды. 200 тосек-орынға арналған перинаталдық орталық салынады, «Қан орталығы» өз қызметіне кіріседі. Жерлесіміз Аскар Әубәкіровтің демеушілігімен қаланың орталық алаңы қайта жаңғыртылуда. Аймақтың бас шаһарындағы ауқымды жобалардың мерзімінде әрі сапалы жүзеге асуы қала әкімінің тікелей бақылауында болуы қажет.

Бұдан бөлек жаңа тағайындалған қала әкіміне жылу маусымын жоғары деңгейде, ірікіссіз ұйымдастыру, коммуналдық сала қызметінің үзіліссіз, сапалы қызмет көрсетуін үйлестіру, кезекте тұрған әлеуметтік осал топтағы отбасылар мен жастарды тұрғын үй және жер учаскелерімен қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдау міндеті жүктелді. Сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын ашып, салық түсімін арттыру, шет аймақтардағы жолдарды жөндеу, көше құрылысы мен электр желілерін жаңарту, қаланы және елді мекендерді абаттандырып, сәулет келбетін қатан сақтау тапсырылды. Иә, жаңа әкімге қойылып отырған талап аз емес.

Бұрынғы әкім қайда кетті?

Асылбек Шәменов 2022 жылдың сәуірінен 2024 жылдың 10 қаңтарына дейін Қызылорда қаласының әкімі болыпты. Аймақ басшысының қолдауымен атқарылған жұмыстарды атап өттік. Қарап отырсақ, тыңдырмыз тірлік аз емес.

Әкімдік орынтақты босатқан Өмірбекұлы Президент әкімшілігінен бір-ақ шықты. Нақтырақ айтсақ, ол Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы лауазымына тағайындалды. Несі бар, жап-жақсы қызмет. Бір сөзбен айтқанда, Шәменов өсті. Ол барлық жағынан өсті десек қателеспейміз. Әкім болған тұста басқарушылық қабілеті шыңдалды, елмен етене жұмыс істеуге, тұрғындардың талап-тілегін орындауға бейімделді, қаланың әлеуетін арттыруға үлес қосты.

Ә.ЖҰМАДИЛДӨУЛЫ

балаларымыз нанды тойып жей алмағасын басқа не айтамыз. Шындап келгенде нанның салмағы баяғыдан әлдеқайда жеңіл тартатын сияқты. Ата-аналарымыз «жерге тастама кепіреті ұрады» деген нанның салмағынан жымқырсақ бар сауаппан айырылмаймыз ба? Мұсылман халқы мұндай жүгенсіздікке бармау керек деп ойлаймын.

Рауиан Отарбаева, сатушы:

– Нанға қатысты айтып шаршадық. Шынында, салмағы азайып бара жатыр. Сапасы да төмен. Тұрғындар бізге шағым айтады. Біз наубайхана басшыларына жеткіземіз. Келіскендей сынай танытады да қайтадан сол жағдай қайталана береді. Сол грамнан жегеннен қандай пайда? Шаригатта да «кісі ақынсын жеме» деп айтылмай ма? Қазір қымбаттамаса болды деп отырмыз. Себебі қаңтардан бастап жәрдемақы, зейнетақы шамалы өсті. Осындай кезде тағам құнының өсетіні бар ғой. Меніңше, салмақты азайту деген таразыдан жеумен бірдей, – дейді дүкен иесі.

«Нанның қикымдында береке бар» деп тәрбиелеген ата-бабаларымыздың өсиеті бар еді ғой.

Басқадан үнемдесек те наннан ұнемедейікші. Қайта мүмкіндік болса салмағын арттырып, тығыздығы мен дәмден қою керек дер едім. Бұл – менің сөзім емес, көптің тілегі.

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЖОРЫҚ – ЖАҢА СПОРТ

Ат спортының әлеуеті туралы сын-пікір көп. Басым бөлігі бөйге мен көкпар бағытында өрбейтіні жасырын емес. Негізгі қаржы көзі мен назар де осы салада. Ал аталған спорттың өзге бағыттары неңдей күй кешуде? Ат спортының жорық бағыты пайда болғаны ескерусіз қалмады ма? Мұның барлығы ойланарлық тақырып екені даусыз.

Есте болса, бірнеше жыл қатарынан «Ұлы дала жорығы» марафоны өтті. Ұлттық рух пен көшпенділердің өмір салтын насихаттайтын жобаны ел-жұрт даурыға жазды, мамандар оң пікір берді. Алайда кәсіби ортада мұндай шараның спорттық статусын айқындау қиынға соққан. Ат спортында бөйге бар, ұзақ қашыққа шабандоз сарылыту кездеседі. Алайда мұншалықты мыңдаған шақырымды артқа тастау, ат ауыстырып мәреге жету – бұрын-соңды кезікпеген әдіс. Алғашқы жылы көбі науқандық шара деп қабылдаса, өткен жылы қайталанған доладан соң бұл ат спортына атау беру маңызды артты. Содан болар, жуырда әлемде теңдесі жоқ қашықтыққа арналған ат спортының жаңа түрі – Жорық пайда болды.



– Ұлттық болмысты айшықтайтын спорттың дамығаны жөн. Тіпті бұл орайда мемлекеттік деңгейде қолдау білдірсе, іс оң нәтиже берері анық. Мысалы, бүгінде ұлттық спорттың 26 түрі болса, 16 түрінен федерациялар құрылғаны белгілі. Ішінде ат спортына деген қызығушылық өте жоғары. Бір ғана Қызылорда облысында мыңдаған адам бөйге, көкпар, жамбы ату, аударыспақ, теңге ілу секілді түрлерімен айналысуға машықтанған. Енді, міне, бұл қатарға жорық бағыты қосылса, әлемге ұлттық болмысты қызықты жеткізуге жол ашылады деген сөз, – дейді жас атбегі Нұрсұлтан Жәнісов.

Қазақстанда тай-бөйге, құнан-бөйге, аламан бөйге, жорға бөйге секілді ат жарыстарының бірнеше түрі белгілі. Алайда олардың біреуі де Жорық сияқты ұзақ қашықтықты бағындырмайды. Алғаш 2022 жылы «Ұлы дала жорығы» марафон-бөйгесін өткізу идеясы туындағанда аталған мәселе төңірегінде талқы

көбейген. Нәтижесінде кәсіби ортада жана ереже, тың талап құрылып, жорық спортының пайда болуына мұрындық болды.

«2022 жылы «Ұлы дала жорығы» марафон-бөйгесінің алғаш маусымы ойдағыдай өтті. Бұл оқиға ат спорты әлеміндегі нағыз жаңалық болды. Бірінші марафонның қашықтығы 1200 шақырымды құрады. Оның қашықтығы мен қиындығына қарамастан, 95 тұлардың 26-сы ойдағыдай мәреге жетті. Бұл жетістік жорықтың өміршеңдігін дәлелдеп, әлемдік ат спортына өзіндік жаңашылдық енгізіп отыр», – дейді журналист А.Ақтан.

Иә, жорық мәңдес спорт түркі халықтарында кезігуі ықтимал. Мысалы, Моңғолияда осындай ат марафоны өткізілетіні белгілі. Алайда онда қашықтық 1000 шақырымды құрайды. Бұл ретте әр 40 шақырым сайын жылқы ауыстырылып отыратынын ескерген жөн. Ал біздің жағдайда марафон қашықтығының жартысы – 650 шақырымнан кейін бір рет қана ат ауыстыру рұқсат етіледі. Бұл тағы бір мәрте қазақтың жылқы тұқымдарының ерекше төзімділігін растайды.

Алиасқар ӨТЕУОВ, кикбоксинг және әмбебап жекпе-жек жауынгері:

«Қос спортты қатар алып жүрмін»

Соңғы жылдары қала жастары арасында спортқа ден қойғандар көбейді. Бұқаралық спортпен шұғылданатын шәкірттер саны артып, кәсіби жетістікке жеткен саядақтар саны толығуда. Солардың қатарында қызылордалық Алиасқар Өтеуов те бар. Бүгінде жас талант кикбоксинг пен әмбебап жекпе-жекпен спорт шебері атанып, әрі бапкер ретінде бақ сынап келеді.

– Алиасқар, өткен жылды жемісті қорытып отырсыз ба? Гранияда өткен әлем чемпионаты мен Қазақстан Республикасының Кубогы кезінде тартысты бәсеке көрсеттіңіз. Қазіргі бап қай деңгейде?

– Өткен жылға өкпе жоқ. Жақсы нәтиже көрсете білдім. Өзіңіз айтқан қос сайыста жүлдеге иілігің, әрбір жарыста кәсіби деңгейімді көтеруге тырыстым. Мұның барлығы тыңғылықты дайындық, уақыт ыңғайы нәтижесінде орын алған белес екені анық. Алда да анып қалмай, Сыр елінің мерейін үстем етерге сенімін.

– Байқасақ, кикбоксинг пен әмбебап жекпе-жек қатар алып жүрсіз. Бұған не себеп? Екі спорт түрінің неңдей ерекшелігі бар, ортақ тұсы қайсы?

– Спортқа деген ынтам кикбоксингке қызығудан басталды. Алғаш 6 жасымда спорт залға барып, арман-мақсатымды қалыптастырдым. Кикбоксингтен қазақстандық әлем чемпиондары Аскар Можанов, Ержан Шегенов, Қабылбек Садырбаев, Ардақ Сембаев, Дулат Тәженов, Геннадий Папу сынды шеберлерге еліктегенім жасырын емес. Аталған спортшылардай болу үшін көп жаттығып, үйренуге талпындым. Байқоңыр қаласындағы бапкерім Нұрбек Жармаханов кикбоксинг бағытының қырсырын үйретіп, соққы беру және қорғану техникасының әліпесін үйретті. Бүгінге дейін жеткен азын-аулақ жетістігім сол кісінің қажырлы еңбегінің жемісі дер едім.

Ал әмбебап жекпе-жекке келгеніме көп болмады. Соңғы 4-5 жылда бұл спорт түрін республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, тіпті спорт шебері атағым иелендім. Бұл екі спорт түрінің бағыты бір. Соққы жасау техникасы, ережелері бір-біріне ұқсайды. Бағытымынан

алыс кетпедім деп санаймын. Сондықтан қосымша әмбебап жекпе-жекпен айналысуға бел буып, қос спорт



түрін қатар алып жүрмін. Екеуінен де спорт шеберімін.

Бұл көп спортшыға тән өзгеріс. Мысалы, еркін күрес өкілі грек-рим күресінен жарысқа баруына болады. Тек бірнеше ережені қаперге алып, қауіпсіздікті нұсқауын сақтаса болғаны. Оларда да жаттығу бағыты, белдесу техникасы өте ұқсас. Сол себепті ережесі мен қолданылатын әдістері жақын спорт түрлерінде шектеу жоқ.

– Шетелдегі байрақты бәсекеге көп шығасыз. Бүгінде кикбоксинг пен әмбебап жекпе-жектің қазақ мектебі қалыптасты деп санайсыз ба? Әлемдік долада қазақстандық спортшылар несімен ерекшеленеді?

– Қазақстандық спортшылар табандылық, шыдаммен ерекшеленеді деп санаймын. Жарыста ауыр жаракат алса

да 1-2 айдан кейін келесі жарысқа шығатын спортшылар бар. Әсіресе, әмбебап жекпе-жекте көп кездеседі. Бұл бапкердің қателігі емес, спортшының табандылығы. Сондақтан өзге елдегі спортшылардан отандастарымыздың ұмтылысы артық екені анық.

– Иә, қазіргі таңда «Евразия» спорт кешенінде балаларды жаттықтырамын. Алғашында 3 рет жүйелі дайындық жасап, кикбоксинг саласының басым бағытын үйретемін. Қатысушылар алдымен қорғану әдісін, спорттағы қауіпсіздік ережесін үйренеді. Жазылмаған спорт қағидаларын да қоса айтуға тура келеді. Мысалы, әлсізге күш қолданбау, қақтығыстан бойды аулақ ұстау, жауапкершілік сезіну секілді ұғымдарды қосымша сіндіруге тырысамын. Мұның барлығы адам өмірін сақтауға көмек беретін қағида екені анық.

– Баланы спортқа баулу неңдей артықшылық береді деп ойлайсыз?

– Қыз бала қалауына қарай әрекет ететіні белгілі. Бірақ ер бала міндетті түрде қорғаныс амалын білуі керек. Себебі керек кезде отбасына, айналасына қамқор болып, келеңсіздік кезінде өзін қорғай алуы дұрыс. Сонымен қатар темірдей тәртіпті үйрену, талап-ережені орындауға дағдылануға спорттың берер көмегі зор. Жарыс барысында әлемді аралауға да жол ашылады. Сондықтан ер баланы 2-3 жыл спорт үйрмесіне беруге кеңес айтамын. Ал кейін кәсіби түрде айналыса ма, жоқ па, ол – баланың шешімі.

– Алдағы жоспармен бөліссеніз.

– Алда жоспар көп. 2024 жылға мақсат-тілек жазып, сол бағытта жұмыс істеуге тырысудамын. Әсіресе кәсіби дамуға талпыныс зор. Әлемдік додаларда да бақ сынағым келеді. Мысалы, келер айда Индияда кикбоксингтен Әлем чемпионаты өтеді. Қазір сол жарысқа дайындық үстіндемін.

Сондай-ақ бапкерлікті де дамытып, шәкірт санын көбейту ойда бар. Ол үшін жүйелі жоспар құрып, тыңғылықты дайындық басталды. Алдағы уақытта нәтиже беретініне сенім мол. Сыр елінің спорт саласын өркендетуге үлес қосып, спортшылар бұнының қалыптасуына күш салсам, басты мақсаттың орындалғаны деп білемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Б.ШАҒЫРОВ

Күміс жүлде қоржында

Еркін күрестен ұлттық құрама көшбасшысы Азамат Дәулетбеков Хорватия астанасы Загреб қаласында өтіп жатқан Zagreb Open рейтингтік турнирінде күміс жүлдегер атанды.



86 келі салмақ дәрежесінде белдескен балуанымыз алдымен үндістандық Дипак Пуньяны 6:2 есебімен қапы қалдырды. Бұл қарсыласы – 2019 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған тәжірибелі балуан. Одан кейін Азамат украиндық Валентин Бабий мен грузиялық Евсес Швелдені тізе бүктіріп, финалға жолдама алды. Ал финалда бабы келіскенімен, бағы жанбай, Болгария атынан сынға түсіп жүрген ресейлік Магомед Рамазановқа 5:8 есебімен есе жіберді. Сөйтіп, күміс жүлдені қанжығаға байлады. Осы орайда Азаматтың былтыр Сербия астанасы Белградта өткен әлем чемпионатында қола жүлдеге ие болып, Париж Олимпиадасының жолдамасына қол жеткізгенін айта кеткен жөн. Сонымен қатар рейтингтік бәсекеде қыздарымыз да ел намысын қорғайды. Атап айтсақ, Ирина Казюлина (65 келі), Елена Шальгина (68 кг) мен Эльмира Сыздықова (76 келі) күш сынасады.

Қазақ қызы – халықаралық төреші

Отандасымыз Аяя Айтбай садақ атудан халықаралық дәрежедегі төреші атанды.



Olympic.kz порталының хабарлауынша, Аяя – бүгінде садақ атудан қалалық құраманың мүшесі. Сондай-ақ ол Орталық Азиядан шыққан тұңғыш халықаралық дәрежедегі төреші атанды. Бұл атақты мерген қызға Францияда берген. Сонын бытыр Қытайда өткен жазғы Азия ойындарында төрелік етті. Азия ойындарынан соң мерген қыз әлем чемпионатында төреші болды. Енді 2026 жылы Африка құрлығында өтетін жасөспірімдер олимпиадасына жолдама алуды көздеп отыр.

Қазіргі таңда Орталық Азияда халықаралық дәрежеде 107 төреші бар болса, соның бірі – Аяя Айтбай. Сондай-ақ ол ең жас төреші атанды. Аяя биыл 20 жасқа толып отыр.

Ордабайдың қос алтыны

Аустралияның Балларат қаласында 2-8 қаңтар аралығында өткен Әлемдік Virtus Cycling World Series 2024 додасында отандасымыз Дастан Ордабай екі түрлі қашықтықта 2 алтын медаль жеңіп алды.

Бүкіл әлемнің мықты велосипедшілері бақ сынаған жарысқа Қазақстаннан аутистік спектр ерекшелігі бар параатлет Дастан Ордабай ұсынылды. Дастан іі-3 (зердесі зақымдалған) санат бойынша 18,8 км қашықтықтағы жеке жарыста уақытқа (Time trial) және 5,5 км қашықтықта критерийге (Criterium) қатысты. Нәтижесінде аталған қашықтықтан алдына жан салмай, бас жүлдені олжалады.

«Дастан Ордабай өз еліне екі алтын жеңіп, тұңғыш азиялық аутистік спортшы атанып, Қазақстан тарихына есімін қалдырды», – деп атап өтті интеллектуалдық бұзылуы бар адамдарға арналған спорт федерациясының президенті Дина Темірғалиева.

Бетті дайындаған Берен ШАҒЫРОВ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Зейнүтдиновтың жалақысы қанша?

Соңғы жылдары қазақ футболының аяқалысы көңіл қуанып келеді. Байрақты бәсекедегі жеңісті сәт ел мерейін көтерсе, ойыншылардың кәсіби өсуі саланың даму деңгейінен хабар береді. Мәселен, жуырда қазақстандық футболшы Бахтияр Зайнүтдиновтың түркиялық «Бешикташ» командасына ауысуы осы үрдістің әлі де жалғасатынын білдіргендей.

Зайнүтдинов «Бешикташқа» барғалы команданың бағы жанды. Түркиялық БАҚ Бахтиярді сәттілік хабаршысына балап, легионердің болашағын үміт артқан. Көп күтпей «Бешикташ» күтпеген нәтиже көрсетті. Клуб 17 ойыннан 29 ұпай жинап, Түркия Суперлигасында 4-орында келеді. Бұл жетістікке қазақстандық спортшының үлесі барын ешкім жоққа шығара алмас.

Жақсы спортшыны ұстап тұру қиын. Әсіресе, әрбір сәтті ойын сайын футболшының жалақысы мен келісім-шартында өзгеріс болатыны айтпаса да анық. Бұл ұстаным «Бешикташтағы» шетелдік ойыншыларға, яғни Зайнүтдиновке де қатысты өрбіді. Жуырда Түркия журналисі Мұстафа Караташ: «Бешикташ» легионерлер үшін 11 миллион еуро шығындайды. Оның біразы түрлі себептерге байланысты ойнап та жүрген жоқ», – деп жазған болатын. Тіпті ойыншылардың жалақы тізімін де жариялапты. Мәліметке сенсек, Қазақстан құрамасының жартылай қорғаушысы жылына 1,2 миллион еуро еңбекақы алады екен. Түркиялық клубтағы легионерлер қатарында ең көп жалақыны Винсен Абубакар еншілеген. Оның жылдық – табысы 3 миллион еуро.

«Бешикташ» мұндай даудың болатынын білді ме, бір ай бұрын 5 бірдей шетелдік ойыншысын негізгі құрамынан алып тастады. Олардың қатарында Венсан Абубакар, Валантен Розье, Эрик Байи, Рашид Геззаль мен Жан Онана бар.

Алайда қазақстандық спортшының статусы ерек. Түрік бауырлар спортта да ұлттық идеологияны бекем ұстануға көшкен. Соның бір дәлелі, Зайнүтдинов Түркия чемпионатында легионер болып саналмайды. Жаңа ережелер бойынша суперлиганың әрбір қатысушысы 14 легионерден басқа түркітілдес елден, яғни Әзербайжан, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан немесе Әзбекстаннан келген бір футболшыны қосымша мәлімдей алады. Демек сыңға қарамастан нәтиже көрсеткен Зайнүтдиновке клуб сенім зор деген сөз.

Жалпы Бахтияр Зайнүтдинов 2020 жылдан бері Мәскеудің ЦСКА клубында ойнады. Үш жылда ЦСКА үшін 83 матч өткізіп, 7 гол соқты. Содан болар, өзге елдегі клубтар болашағынан үміт күттіретін спортшыны өзіне алуға әрекет жасаған. Тіпті түркиялық БАҚ «Бешикташ» Бахтияр Зайнүтдинов үшін мәскеулік ЦСКА-ға 4,5 миллион еуро төлейтінін жазған болатын. «Transfermarkt» порталының мәліметі бойынша, Зайнүтдиновтың трансферлік құны 6 миллион еуроны құраған. Қазақстан құрамасы ойыншысы жаңа клубында жылына 1,2 млн еуро жалақы алады. Келісімшарт 2027 жылдың жазына дейін жалғаспақ.

P.S. Есімізде болар, командаға қабылданғанына ай толмай Зайнүтдинов алаңға шықты. Ол «Бешикташ» командасының сапындағы алғашқы ойын өткізіп, оған қоса шешуші гол соғуға қол жеткізді. Кездесу барысында Зайнүтдинов 95-минутта қарсылас команда қақпасын дөң көздеп, жеңіс алып келді. Ол алаңға екінші тайм барысында Артур Масуакуды алмастырып шыққан еді. Дебют сәтті болып, отандасымыз 95-минутта жеңіс голын соқты. Тарихи сәт «Бешикташ» пен Украинаның «Динамо» клубы арасындағы ойында орын алған еді.



Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шағырмашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Ү.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызметкерлерінен сөйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АЖІУ» баспа үйі, ЖШС сенімгерлік басқарушылығы «Сыр мөлді» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2938 Тапсырыс №67

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА